

Ант

үш бөлімді, тоғыз көріністі драма

Алғы сөз

Осы еңбегімді сан ғасырлар шалғайда жүріп тарихи отанына қайта оралғанда алғашқылар боп табаны Маңғыстау жеріне тиген, алғашқылар боп жамбастары Маңғыстау топырағын жастанған қасиетті бабаларымыз: Бекет пен Саназар әулиелердің; Шотан мен Қармыс батырлардың; Абыл менен Қалнияз ақындардың және сол секілді есімдері еліміздің есінде жатталған, істері жұртымыздың жүрегінде сақталған аталар мен аналар рухына арнадым.

Сайын Назарбекұлы

Ант (үш бөлімді тоғыз көріністі драма)

Бірінші бөлім “**Ер анты**” аталады.

Тайсойған жерінде ас беріп жатырған құрдасы беріш Мәсбатыр аулына келген Қожаназар бай өзінің баласы Есбердінің сұрауымен жастар отырған үйдің жабығынан сығалайды. Мәсбатыр байдың ерке қызы Шолпан Қожаназарға ауыр сөздер айтып, келеке етеді. Ашу үстінде намыс қысқан Қожаназар “мен сені әйел етіп аламын” деп ант етеді. Мәсбатыр қызына құда түскен Қожаназар құрдасына қыз бермеймін демей, мәселені өзінен қашырып “осы мәселені билер шешсін” дейді. Қожаназар келіседі. Билер Қожаназардың құда түсуін орынсыз деп есептемейді, құдалықты қабыл алады. Бірақ қысқа мерзім беріп, тағы да басқа орындалмастай талап қояды.

Қожаназар мен баласы Есберді билер қойған талапты орындап шығады.

Екінші бөлім “**Ару анты**” аталмақ.

Қожаназар мен баласы Есберді беріштердің барлық сұрақтарын орындайды. Мәселе шешіліп, той мезгілі тағайындалады. Қожаназар Мәсбатыр үйіне келіп құрдасынан кешірім сұрайды, қызыңды шақыр деп өтінеді. Қожаназар Шолпаннан, өзінің қатты кеткеніне өкінетінін айтады, кешірім сұрайды. Егер қыз қаласа ол өз ойынан қайтатынын, қыздың басын босататынын хабарлайды.

Қожаназардың ісі мен сөзін қатты бағалаған және өз қатесін де сезінген Шолпан қыз Қожаназар мен әке-шешесінің алдында ант етеді. Қожаназардың өмір бойы құрметтеп өтетінін, тіпті жолына құрбан

болуға даяр екенін айтады. Әке-шешесіне қызым жасы үлкен кісіге кетті деп өкінбеуін сұрайды.

Бұл бөлімнің соңында бес жасар Қошанды қызықтап отырған Қожаназар мен Ақшолпан қуанышын суық хабар алып келген Орынбор мен Маната бөліп жібереді. Адайлар мен түрікпендер арасындағы дау туралы хабар жетеді.

Үшінші бөлім “**Ел анты**” аталмақ.

Бір тойда Адайлар мен түрікпендер арасында кезекті жанжал басталады. Түрікпендер де, адайлар да Маңғыстау біздің ата мекеніміз еді деп дәлелдер келтіреді.

Арты жер дауына айналады. Түркімендер Алланың алдында ақталамыз, қазақтар ақтығына ант берсін, антқа Қожаназардың Ақшолпаннан туған жалғызы Қошанды ұстасын деп талап қояды.

Анттасу рәсімінде Бекет Қошанды алдына алып, қара тұлпар мініп шығады.

Ант адайлар пайдасына шешіледі. Ел бекетті Пір тұтады. Аты ұранға айналады.

Сол уақиғадан елу-алпыс жыл өтеді. Оғландыдағы Бекет – Ата мешіті алдында мінәжат етуге келіп отырған адамдар әңгімелесіп отырады. Қарт Маната түркімендер мен адайлар арасындағы болған ант туралы жиналған көпшілікке әңгіме айтады. Әңгіме аяқталғанда ел “Бекет! Бекет!” деп әулиеге ризашылығын білдіреді. Шымылдық жабылады. Сахна сыртынан “Бекет-Ата” әні орындалып жатады...

Басты кейіпкерлер

Қожаназар

65 жаста. Атақты бай, елдің құрметті азаматы.

Есберді

Қожаназардың баласы, 40 жаста. Есті тентек, бай мырзасы.

Маната

45 жаста. Байдың қосшы жігіті.

Орынбор

55 жаста. Адай биі.

Қызметші әйел

Мәсбатыр

65 жаста. Беріш байы, Шолпанның әкесі.

Фатима

50 жаста. Шолпанның шешесі.

Шолпан

17 жаста. Мәсбатыр қызы.

Жайықбай

20 жаста. Мәсбатыр ұлы.

Тұмар

17 жаста. Шолпанның құрбысы.

Сұлтанғали

Би, 45 жаста.

Қызметші жігіт

Ара би

70 жаста.

Қазақ молдасы.

Түрікпен молдасы.

Түрікпен биі.

Шырақшы.

Зияратшы және зияратшылар.

Шолпанның қонақтары.

Бірінші бөлім. Ер анты

Бірінші көрініс. Намыс

Көктемнің соңы. Тайсойғанда аталарына ас беріп жатырған беріштер ауылы.

Шеттеу тігілген бір киіз үйде жастар сауық құрып жатады. Үйде бас сұғар орын жоқ. Жұрт үй сыртынан ән тыңдап, үй жабығынан сығалап қыздар көркін, жастар өнерін әңгіме етіседі.

Жазғы жайлауға көшіп бара жатқан Қожаназар бай, баласы Есберді, қосшы жігіті Маната асқа келеді.

Қожаназар:

Тайсойған жерінің құлпыруын-ай! Биыл түгін тартсаң майы шыққалы тұр екен!

Есберді:

Әке! Бұлардың көктемде аталарына ас беріп жатқаны да соның арқасы екен. Малдары тез қоңданатын жер болғаны ғой.

Маната:

Қожеке! Жері сондай болғанда, елі неге бай емес?

Қожаназар:

Бар ғой байлары. Ас беріп жатқан Мәсбатыр құрдасым бай адам. Бірақ бұлар жартылай отырықшылау болғандықтан малды шексіз көбейте бермейді.

Алдарынан бұларды күтіп алуға Мәсбатыр ұлы Жайықбай мен Сұлтанғали би шығады. Жайықбай бұрынырақ сәлем беріп, бұрынырақ қолын ұсынады.

Жайықбай:

Ассалаумағалайкум, Қожеке!

Сұлтанғали:

Ассалаумағалайкум, Қожеке!

Қожаназар: (сәлемін сәл кешіктірген Сұлтанғалиға назар аудармай Жайықбаймен амандасып жатады)

Бар бол балам! Жайықбаймысың!? Менің құрдасым Мәсбатырдың кенжесісің ғой, сірә?

Жайықбай:

Таныдыңыз Қожеке! Бірақ мен кенже емеспін. Менің Шолпан деген қарындасым бар!

Қожаназар:

Ия, солай еді ғой. Мен сені ұлдан кенже деп жатырғаным ғой, әйтпесе Мәсбатыр қыз балалы болып ұлан-ғайыр той жасағанда біз де келгенбіз сол тойға!

Сұлтанғали:

Ие, ол бір үлкен той болған еді.

Қожаназар:

Ата-бабаларыңа бағыштап беріп жатқан садақаларыңды Аллатағала қабыл еткей! Мал-жандарың аман ба, шырағым?

Жайықбай:

Айтсын! Мұздай қаракөк!

Қожаназар:

Е-е, кісі болып қалыпсың ғой! Сөз саптауың жақсы екен!

Мәсбатыр байдың дені-қары сау ма? Құрдасын өзі қарсы алмай, баласын жібергені қартайғаны ма?! Бірақ ондай боркеміктердің қартайтын кезі де жеткен болар!..

Жайықбай:

Сізден бұрын қалай қартаяды! Қартайған жоқ, өзіңіздің құрдасыңыз емес пе...

Қонақтарды қарсы аламын деп қолы босамай қалды. Құрдасыма сәлем айт, маған өкпелемесін деген.

Сұлтанғали:

Жайықжан, Қожекеңнің алдын босат. Біз де амандасалық.

Қожаназар:

Жайықбайжан! Тігілмген үйдің төріне таласып жатқан мынауың кім!

Жайықбай қысылып, ыңғайсызданып қалады.

Жайықбай:

Әкем Сұлтанғали ағаны сізді қарсы алсын деп әдейі жіберген.

Сұлтанғали:

Қожеке! Сөзге де, төрге таласым жоқ! Таласқанда да Адай байымен қол алысып еді деп менің қолыма қозылы қой жұғып қалар деймісің?

Қожаназар:

Қолыңа қозы тұрақтамағанмен тіліңе шикан тұрақтаған реті бар ғой?.. Ие, Сіз де аман-есенсіз бе?

Қожаназар мен Сұлтанғали қолдасып амандасады.

Сұлтанғали:

Құдайға шүкір!

Мәсбатыр асыма құрдасым Қожаназар келеді деп дүйім елді күбінтіп қойды. Тап қазір өзінің қолы тимегесін алдыңыздан шығып амандасып жатқанымыз ғой. Әйтпесе онша көрнекті кісі емеспіз. Жарлы жатақ, балықшымыз.

Маната:

Шарғаңыз шағын екен. Мына бойыңызмен суға қалай бойлап жүрсіңіз? Әлде балықты жағада тұрып аулайтын балықшымысыз?

Сұлтанғали:

Адам суға түскенде бойына сеніп түспейді. Жүзіп білетініне сеніп түседі. Бірақ су жағдайын, су қадірін Маңғыстау мен Орынбор арасын шаңдатып көшіп жүретін адайлар қайдан білсін!

Сұлтанғали Қожаназарға сынай қарап қояды.

Қожаназар:

Маната! Естіп тұрмысың! Қақпанды қалай құрады!

Маната:

Шаян құйрығындай тілінің ащысын-ай мына беріш ағамның! Қалай ойлайсың, айтшы қані! Су қадірін қара тасты қашаумен қашап, шапашотпен шауып, тереңдігі жүз қадам шыңырау қазып, суды жер астынан қауғалап тартып мал суарған біле ме, әлде шалқып шатқан Жайыққа мал жаптырған біле ме?

Сұлтанғали:

Біз су қадірі туралы ойлап көрмеппіз. Бірақ Қожаназар бай жайлауға көшкенде Үстіртті кесіп өтіп, шөл жылқысын Жемге жапқанда өзен суы бір тұтам ортайып кетеді екен деп еститінбіз. Алды Жемнен су ішіп жатқанда үйірлерінің соңы Манатадан жаңа көтеріліп жатады екен деседі ғой. Бұ жақтағы ел Қожаназар қадірін жақсы біледі.

Қожаназар: Сұлтанғалиға сынай қарап:

Рас, мал өсірдік. Біз емес ел өсіріп жатыр. Біздің малымыз – елдің малы. Бірақ Қожаназар елге қадірлі еді деген пікірді қайдан алдыңыз?

Сұлтанғали:

О не дегеніңіз Қожеке! Сіздің қадіріңіз өз еліңіз түгіл біздің елге де Алатау асқарындай емес пе? Ал Алатау асқарын сөзбен де, ой мен де аласарта аласың ба?

Қожаназар:

Мынадай сөзіңді доғармасаң мені түбі қозылы қойсыз қалдыратын түрің бар! Мадақтауыңды шектеші! Жаңа жатақпын, жарлымын деп жатырған жоқ па едің? Жарлы емес, тіліңнен жарылып тұрған жорғасың ғой, өзің!

Сұлтанғали:

Шешем адайдың қызы еді. Жиендік жасап жатырғаным ғой. Қозылы қой қайда қашар дейсің. Аузыңыздан шықты. Алармыз. Бір реті болар. Алажағыңды алып кет десең іздеп те барармыз. Ат мінгізсең айдап та қайтармыз. Биыл қай жақты жайламақ ойларың бар еді?

Маната:

Қыз дегенді басқа жұртқа бермеу керек-ау деймін, Қожеке! Қарашы, біздің апамыздың бар өнерін бойына сіңіріп алып, тақылдауын! Сөйлетсең болды өзі болғандай-ақ, өзі туғандай-ақ...

Қожаназар:

Сөйлесін! Сөз адамнаң ішін ашады. Нағашыларыңнан қозылы қой аламын, ат мініп қайтамын десең биыл Тұзтөбе жақтан іздейсің.

Маната:

Қожеке! “Құлан қырда, құндыз суда” демейтін бе еді? Құланға ұқсап түзде жортып көрді дейсің бе? Бұл жиендер, Жайықтан түстік жолға шықса шөлдеп қалады ғой!

Сұлтанғали:

Сонда Маңғыстау мен Тұзтөбе арасы қанша жер?

Маната:

Малдың жағдайымен санасып, елдің жай-күйін ойлай, асықпай жылжығанда екі ай көшетін жол.

Жайықбай:

Сонда сіздер шынымен Тұзтөбеге дейін көшесіздер ме?

Қожаназар:

Мәсбатыр құрдасым биыл Тайсойғанды жайла деп шаужайыма жабысып жалынып жатпаса солай болады.

Сұлтанғали:

Неге жабыспасын? Жабысады! Мәсбатырға қосылып ел де жабысады. Сіздей қайырымды байдан бір түйе сауын алса да, бір аттың майын мінсе де жатақ елге қайыр емес пе?

Жайықбай:

Қожеке! Мен Сіз түсетін үй дайындығын байқайын. Қымыз сапыртайын.

Қожаназар:

Шаруаңнан қалма, балам. Мына шиқан тілді жиен бізді адастырмас.

Жайықбай кетеді. Бұлар бір киіз үйдің қасына жақындайды. Жұрт сол үйдің жабығын көтеріп таласа ішке қарап, ән тыңдауға тырысып жатады.

Маната:

Есберді! Мыналар не істеп жүрген адамдар!!

Есберді:

Шынымен де! Құрттаған қойдың құйрығына үймелеген шыбындай ана адамдар үй жабығына жабысып қалыпты ғой! Оларды соншама құмар қылған не болды екен?

Сұлтанғали: (Есбердіге)

Әкең Қожаназардың құрдасы Мәсбатыр байдың алты ұлы бар. Бұл үй байдың алты ұлдан кейін сағынып көрген сүйікті қызы Шолпанның отауы. Осындай тойда байдың ерке қызының жастарды жинап алып, сауық құратын әдеті бар. Ал жұрт Шолпанның көркі мен сөзіне құмар. Дәмесі бар да, дәмесі жоқ та бір қарап қалмақ.

Есберді:

Шолпан қыздың жұртты несімен қызықтырып жатқанын білсек қайтеді? Әке, біз де қарайық па?

Қожаназар:

Қараңдар! Қарай беріңдер, шырақтарым! Қымызды кім ішпейді, қызды кім айттырмайды деген.

Есберді: (жабықтан сығалайды)

Астафралла! Әке! Мынадай да сұлу жан болады екен ғой! Қараңызшы!

Қожаназар:

Қой шырағым! Сақалым сапсыйып қыз жабығынан сығалайтындай маған не көрініпті. Қанша сұлу болғанда да шешең Айсолымнан сұлу деймісің...

Есберді:

Әке! Қарай салшы! Нең кетеді!

Есберді үзіктің жиегін молырақ көтеріп береді. Қожаназар жабықтан немқұрайлы қарай салмақ болғанмен Шолпан қызға көзі түсіп кеткенде қатты таңырқағанын жасыра алмайды... Күбірлеп...

Қожаназар:

Мынау перінің қызы ма?.. Әлде періштенің өзі ме?..

Есберді:

Айттым ғой, әке! Айтқаным сол ғой! Шынымен де ана қыздар ішінде Шолпандай жарқырамай ма?

Қожаназар:

Қалған қыздар жұлдыз болса мына қыз Шолпан болар!

Қожаназар жабықтан кейін шегінеді.

Есберді: Әке, Шолпан ғой дедіңіз бе?

Қожаназар жабықтан қайта қарайды.

Қожаназар:

Жоқ, бұл қыз жай Шолпан емес Ақшолпан болар!

“Ән сазымен, қыз назымен” дегенді шешендерге осындай сұлулар айтқызады екен-ау, шіркін!

Киіз үй ішіндегі ән тоқтап қалады. Барлығы да жабықтан қарағандарға қарап, бір-бірімен сыбырласып кетеді.

Тұмар: (Шолпанға сыбырлап)

Сені ана шал – мына қыз Шолпан емес Ақшолпан – деп жатыр.

Жастардың сыбыр, күбірі көбейіп кетеді.

Жастардың бірі:

Мына кісінің сақалын-ай!

Жастардың тағы біреуі:

Бұлар жабықтан неге сығалай береді екен?

Шолпан: (өзіне бажырайып қарап қалған Қожаназарға естірте дауыстап)

Неменеге бажырайып қалған мына шал! Күз айында қошқарға күйекке жарарлық ана сақалынан ұялмай ма?

Қожаназар:

Астафралла!

Шолпан:

Анадай сақалды өз орнына пайдалана алмайтын болғасын, басқа пайдасына асырып, бір жеріне белдемше етіп байлап алмай ма!

Жастар күледі.

Қожаназар:

Астафралла!

Шолпан:

Қартайғанда қыз жабығынан сығалап, ойынымызды бұзғаны несі? Бұ заманның қарттары ерте алжи бастаған болар ма?

Есберді:

Әке! Мына қыздың көргенсіздігі көркінен де асып кетті ме? Қалай, қалай үдетеді, әңгімесін?

Қожаназар:

Естіп тұрмын!

Есберді:

Әке! Бірдеме демейсіз бе?

Қожаназар:

Дегім-ақ келіп тұр! Тек қана мына қызға ұқсап сіздер, әйелдерім мен балаларым, маған өкпелейсіңдер ғой, кейін!

Есберді:

Әке! Деші! Өз мойныма аламын! Ешкім өкпелемейді! Мына қорлық сөзді естігенше, өмір бойы сол үшін бір шаруаның соңында жүрейін!

Қожаназар даусын кенеп, “Ей, шырағым!” дейді. Жұрт тына қалады.

Қожаназар:

Ей, шырағым! Ей, адуын қыз! Құлағың естігіш екен! Енді қапы қалмай тыңдап ал! Жай айта салған сөз үшін менің алты алашқа қадірлі басымды да, періштеге мекен болған қасиетті сақалымды да жұрт алдында масқараламақ болдың!

Шолпан:

Өз обалың өзіңе!

Қожаназар:

Бірақ сен кісі танымайды екенсің, ерке қыз! Кімнің кім екенін сезе алмадың!

Шолпан:

Сонда кім екен ол! (күледі, жастар қосыла күледіі)

Қожаназар:

Мен бұрын кім болғанымды айтпай-ақ қояйын! Бірақ ендігі жерде саған кім болатынымды болжап берейін!

Шолпан:

Ал, көріпкел шал! Айтыңыз, жыныңыз не деп сыбырлап тұр, құлағыңызға! (Жастар шуылдасып, күліп жатады)

Қожаназар:

Ендеше тыңда, тәрбиесіз қыз! Менің ендігі қалған ғұмырымдағы төсектесім сен болатын боласың, ерке сұлу...

Шолпан: (абдырап қалады)

Тәрбиесіз дейді... Төсектесі несі?..

Қожаназар:

Бұны “бақыт” десең бақытты етермін. “Сорым” десең менен жалынып өзің сұрап алған өкінішің болар. Неде болса ендігі қалған ғұмырымдағы менің төсектесім сен болатын боласың!”...

Шолпан: (Орнынан тұрады)

Тұтақ!

Қожаназар:

Осы жасқа келгенше берген уәдемді аяқсыз қалдырып көрмеген жанмын. Алла тағаланың көзі дұрыс болса, тағы да солай болады.

Шолпан:

“Інгенімді қараймын деп мінгенімнен айрылдым” – деген сөз бар емес пе еді. Мына сөздеріңді естісе менің алты ағам еліңе дейін жаяу қуар, сақалыңды желпілдетіп.

Жастар шулап күледі.

Қожаназар:

Алты ағаң түгіл алпыс атаңнан сескенбедім!

Мені қатты ерегестірдің, шырағым! “Күшті қауіпті емес, кекті қауіпті” – деген сөзді де біз шығарған жоқпыз. Біз күшті едік, ендігі жерде кекті де болатын болдық. Бір ауыз сөзіңнен түскен от, осы Тайсойғанды емес, мына он екі ата Байұлы даласын тұтас өртеп кетіп жүрмесін!..

Өңгімені сақтана тыңдап отырған Тұмар ортаға түспек болады.

Тұмар:

Ата, сабыр етіңізші.

Қожаназар:

Ант етемін! Сені күйек байлар күз емес, осы жазға дейін төсегіме салмасам ата-баба аруағы атсын мені!..

Тұмар:

Ата, бізді кешіріңіз! Ант дегеніңіз ауыр нәрсе емес пе?

Қожаназар:

Күйек салар күзде жаңа түскен Шолпан емес, Ақшолпан атты жас тоқал менің арқамды қасып, балтырымды сыйпап отыратын болады. Мен соған ант етемін!..

Қожаназар жүріп кетеді.

Есберді: (әкесінен бөлініп жабықтан қайта сығалайды да рахаттана, жаны жай тауып)

Менің әкем айтқан сөзін жерге тастап көрмеген кісі. Енді сен маған шеше болатын болдың. Мен сенің балаң боламын! Ақшолпан атты Ақшешем менің! (күледі).

Менің бұрын да екі шешем бар еді. Мен сені Ақшеше деп атайтын боламын (күледі).

Шолпан:

Құдайым-ай! Ана кісінің екпіні қандай жаман еді? Кім екен өзі? “Құлақтан кірген суық сөз, жүрекке жетіп мұз болар” – деген, тұла бойым мұздап кетті ғой... Мына қасындағысы қандай жексұрын еді...

Жігіттер жабықты жабындаршы...

Жігіттер жабықты жабады.

Тұмар:

Адайдың атақты байы Қожаназар деген кісі дейді. Қасындағысы ерке баласы Есберді болса керек...

Шолпан:

Не дейді!? Ұят-ай! Әкемнің анттас досы, сыйлас құрдасы осы кісі екен ғой?.. Ол екеуі бірінің сөзін бірі жерде қалдырмайтын болса керек...

Тұмар:

Осы біздер бірдеңені қатты бүлдірдік-ау!

Шолпан: мұңайып қалады

Жаңа ғана қуаныш кернеп тұрған жүрегімді өзім айтқан бір ауыз сөз семдіре салмаса игі еді... Қызуын өшіре салмаса игі еді?..

Тұмар:

Қасындағысының әлгі шалды қалай қайрағанын естісең...

Шолпан:

“Бақ өзі ғана соқыр емес, ол қонған адамын да соқыр етеді” дейтін сөз естіп едім. Оның да, менің де, көзіміз болғанмен, басқа қонған бақтан көр соқыр болып қалғандардан болармыз ба?

Тұмар:

Қойшы, Шолпан! Неге торыға қалдың, соншама?

Шолпан:

Тараңдаршы! Көңілімнің қошы болмай кетті.

Жастар тарайды. Шолпан мен Тұмар қалады.

Тұмар:

Біз бірдеңені бүлдірдік! Бүлдірдік! Жүрегім сезіп тұр!

Шолпан:

“Мысқыл, мысқылдың түбі мүшкіл” деген осы екен-ау!

Тұмар:

Әншейінде ондайың жоқ еді, бүгін саған не болған? Сені бір нәрсе итермелегендей болды.

Шолпан:

Шайтан итермелесе де, періште бастаса да болары болды...

“Көп асқанға бір тосқан” дегендей, ақыры кездескен болдым-ау! Әкем ол кісінің сұрағын қайыра алмайтын болса керек...

Тұмар:

Үлкен кісі емес пе?

Шолпан:

Тұмаржан-ау! Біз 70 жастағы емес 27 жастағы ағаларды шалдай көріп жүрген жопыз ба?.. Бірақ бізбен кім санасар дейсің?..

Әй, кім санасар дейсің, бізбен!

Тұмар:

Арты осылай болатын болса сонда қыздарын не үшін еркелетеді екен, бұ қазақтар?

Шолпан:

Соңы осылай болатын болғасын, қыздарынан алдын ала сұрап жататын кешірімі болар ма?!..

Тұмар:

Болашақ қатігездігіне кешірім сұрайтын болғаны ма?

Шолпан:

Қайран көреген аталар-ай!..

Қызын маңдайынан қақпай өсіретіні сол екен ғой!..

Бес күндік қызығы дейтіні де осы екен ғой!..

Шымылдық.

Екінші көрініс. Қожаназар аулында

Шолпанның дәрекі сөзінен кейін Қожаназар асқа қарамай кетіп қалады. Ас тарқағасын Мәсбатырға қызын айттырып құда жібереді.

Мәсбатыр Қожаназар жіберген құдаларға “бұл мәселені билер билігіне салалық. Мен солардың шешіміне көнейін” дейді. Қожаназар да келіседі.

Қожаназар адай биі Орынборды шақыртады. Төбе басында Қожаназар, Орынбор, Маната, Есберділер әңгімелесіп тұрады.

Қожаназар:

Орынбор! Шет-шепірін өзің де естіп жатырған боларсың. Уақиғаның қалай болғанын Маната толық айтып беріп пе еді?..

Орынбор:

Айтты. Ел аузынан да естіп жатырмыз. Шолпан бүйдепті, Қожаназар сүйдепті... Ай гулеп тұр!.. Елді берілген ас емес, осы егестің арты көбірек қызықтыратын секілді.

Қожаназар:

Орынбор! Сәл нәрсе еді, бұл. Енді үлкен әңгімеге айналып барады. Жас бала қателесті деп, мен одан да үлкен қате жіберген секілдімін. Қазір ашу қайтып, ақыл жетті. Бірақ “аталар атымен ант етемін” дегенім қиын болып тұр.

Маната:

Жоқ, Қожеке! Олай емес! Қыз сөзі көргенсіздік болды. Енді ол көргенсіз қызды тәртіпке шақыра алмасақ, онда Сіздің кісілігіңізге, еліміздің елдігіне үлкен сын болатын түрі бар.

Қожаназар:

Міне бұлар осылай дейді. Қазір осылай дейді. Кейін не дейтінін?..

Маната:

Қыз сөзін қайталатып, дүйім елге адайларды келеке еткізбеудің жалғыз жолы бар, ол – өзіңіз берген антты аяғына дейін жеткізу!

Есберді:

Тағы бір жолы бар! Біздің көш ұзағасын бір түнде келіп қызды еңгеріп кету!

Қожаназар:

Қызбаланба. Бұл мәселеге ендігі жерде тек намысты қару етпей, оған ақыл мен парасатты да серік ету қажет болар.

Орынбор:

Дұрыс!

Қожаназар:

Мәсбатырға құда жіберіп едік. Бұл мәселені құдалық жолы шешпесін, билердің билігі шешсін депті. Онысына да көндік.

Орынбор:

Бәрін де естідім. Бәрін де түсініп отырмын. Билер шешсін десе, несі бар! Би атағымыз бар емес пе, белдесіп көрелік! Дұрыстығымызды дәлелдеп көрелік...

Шымылдық.

Үшінші көрініс. Мәсбатыр аулында

Мәсбатыр, Фатима, Сұлтанғалили би кеңесіп отырады.

Фатима:

Қайным-ау не болды? Елге мазақ болатын болдық қой!
Қызымызды шал айттырып? Басынды ғой бұлар!..

Сұлтанғали:

Шолпанжан артықтау кетіп қалды... Ондай мінезі жоқ секілді еді?..
Ұят болды...

Мәсбатыр:

Ойда жоқта басымызға салмақ түсетін болды-ау!

Фатима:

Қызыңның билігі өз қолыңда емес пе? Қандай салмақ уайым етіп отырғаның?

Мәсбатыр:

Ол Шолпанға әлгідей сөз айтқанда тек қана малына сенген жоқ.
Ол маған да сенді. Ел алдындағы өз беделіне де сенді.

Фатима:

Ант етіпті дейді ғой!

Мәсбатыр:

Ие, сенің қызыңның тілі о кісіні ант еткізуге дейін жеткізіпті. Ант еткені қиын болып тұр. Бірбеткей, беделді адам, антын орындап шығуға тырысады. Араға кісі салғанға көнбейді.

Фатима:

Беделді болса беделді пайдаланатын жер аз ба? Пайдалансын!
Менің Шолпанымда Қожаназардың не шаруасы бар?

Мәсбатыр:

Ай, әйелдер-ай...

Фатима:

Сіздер, еркектер! Әйел атын арқалап жүргендерді адам-ау деп ойлайсындар ма, осы?

Мәсбатыр:

Ойламасақ саған аулымызды билетіп қояр ма едік? Осында шақырып ақыл сұрар ма едік?

Фатима:

Шақырғаннан не пайда. Ақылдасқаннан не пайда. Бәрібір өздеріңнің айтқандарыңды істейсіңдер де тынасындар.

Мәсбатыр:

Бәйбіше сабыр ет!

Ал, Сұлтанғали! Мен олардың жіберген құдаларын “билер шешіміне салайық” деп қайтарып жібердім.

Сұлтанғали:

Қиын болды ғой!

Мәсбатыр:

Бұл мәселені аяқтауды саған тапсырғалы отырмын. Мені бұл шаруаның шешімі табылғанға дейін Қожаназармен кездестірмеңдер.

Фатима:

Неге кездеспейсің? Өзің айтып райынан қайтармасаң, кім қайтарады?

Сұлтанғали:

Бұл егес басталғанда мен қастарында тұрдым ғой. Шолпанжан артықтау сөз айтып жіберді.

Мәсбатыр:

Өмір бойғы достығымызды мен қатты бағалаймын. Сөзді өздерің бітіріңдер. Айласын табыңдар. Орындай алмайтын шарт қойыңдар.

Сұлтанғали:

Сонда қандай шарт қоймақпыз? Қыз сұраймыз ба? Жер сұраймыз ба? Мал сұраймыз ба?

Мәсбатыр:

Қыз сұрасаң бере салады. Оңай құтылады. Жер сұрама. Жер сұраған жаулыққа шақырдым деген сөз. Дұрысы артық мал сұрап бетін қайтарыңдар. Бір қалыңның орнына бес қалың, жеті қалың сұраңдар. Малдарың анадай болсын, мынадай болсын деп сөз туғызыңдар... Мен білмеймін... Сұлтанғали! Саған тапсырдым... Сен осы істі шатақсыз тындыр.

Сұлтанғали:

Бәріне көне берсе қайтеміз?

Мәсбатыр:

Әй сен кімнің биісің? Нағашыларыңа бүйрегің бұрып бара жатқан жоқ па? Болды. Әуелден ойланып ал, орындалуы қиын шарт қой! Құдайдың салғанын көрерміз. Құдай басқа салса көнерміз...

Фатима:

Ақсақал-ау! Көнермізің не? Жұлдыздай жалғызыңды қалай қимақсың, жасы жетпіске жақындаған шалға? Баланың бақытын байлап...

Мәсбатыр:

Шолпанға кім тең екенін жалғыз Алла біледі. Қызың дұрыс жерге барса бір елдің анасы да, панасы да сол болар!

Қыз бақыты, ана бақыты деген өзімен құрдас баламен аз күн ойнау емес.

Фатима:

Қалай болғанда да он жеті мен алпыс жетіні қалай теңестіресің? Теңеспейді ғой!

Мәсбатыр:

Естіп отырсың ғой. Сұлтанғали қолдан келгеннің бәрін істеуге тырысар. Алдын ала пішіп болмас. Мен ашықтан ашық оған қыз бермеймін деп айта алмаймын.

Фатима:

Неге жасқанасыңдар сол кісіден?

Мәсбатыр:

Жасқанбаймыз, сыйлаймыз.

Фатима:

Несін сыйлайсыңдар?

Мәсбатыр:

Еткен еңбегін сыйлаймыз. Кешегі аласапыран заманда қалмақ-жоңғармен соғысу оңай шаруа болған жоқ. Соғысқа аттанған сарбаздарға да, заман тарықтырған елге де байдың малы мен батырдың қайраты керек болған еді. Қожаназардың жігері мен жылқысы қажет болған еді.

Фатима:

Еліме пайдам тиді деп елдің баласына зиян салмақ па?

Мәсбатыр:

Әй, бәйбіше! Жауға мінер тұлпар өсіріп, оны мың-мыңдап айдатқанда Қожаназар керек болған! Сарбаздарға азыққа деп отар-отар қойын айдағанда Қожаназар керек болған! Бір Байұлына емес бар қазаққа керек болған! Енді не боп қалды?!

Сұлтанғали:

Қожекеңнің еркелігін көтермейтін он екі ата Байұлыда кісі табыла қоймас?...

Қожаназар:

Шолпанның әке-шешесіне еркелеуге қақысы болса, Қожаназардың қазақ халқына өкпелеуге қақысы бар! Солай бәйбіше... Ендігі жерде бұл мәселені қайта-қайта қозғай берме!

Фатима:

Онда мынау ненің ойыны?

Мәсбатыр:

Бұ да ойын емес. Баламның алдындағы әкелік міндетім!

Фатима:

Түсінікті болды...

Шымылдық

Төртінші көрініс. Билер шешімі

Беріш биі Сұлтанғали, адай биі Орынбор, Есберді және Ара би бас қосады. Ара би мен Сұлтанғали қастарында қосшы жігіттері болады.

Ара би:

Ал, билер, ел біздерге сеніп бір істі тапсырған екен! Соны аталар жолына сүйеніп, кейін билерге, мына біздерге кінә арта алмайтындай етіп тындырсақ керек. Сөзді кім бастайды?

Орынбор:

Үй иесісің ғой, сөз баста Сұлтанғали!

Сұлтанғали:

О не дегенің! Мен үйім деп сені қонаққа шақырып па екенмін?
Тып-тыныш отырған елге жоқтан сөз тауып, боқтан дау тауып беріп,
лаң туғызып отырған өзің емес пе?

Баста сөзіңді! Қалай сайрар екенсің?

Айт ойыңды! Қалай ақталар екенсің?

Орынбор:

Не дейді мына Сұлтанғали? Би атың бар емес пе? Әңгіме басында өзің болыпсың! Қыздарыңның көргенсіздігі үшін сол жерде өзің ұялыпсың! Енді қалай мен кінәлі бола қаламын?

Ара би:

Көштің байсал тапқаны, көкорайға қонғаны.

Даудың байсал тапқаны төрешіге барғаны – депті ғой, үлкендеріміз.

Бүгін біздер үлкендердің сол үмітін ақтап шығуға тырысалық. Бұл басталып кеткен сөздің байсал табатын күні – бүгінгі күн екенін естен шығармаңдар, билер!

Орынбор:

Дұрыс. Жақсы еске салдыңыз.

Ара би:

“Жауластырмақ жаушыдан, елдестіркем елшіден” деген. Екеуіңді бүгін жүздестіргенде ағайын ауылдар осы әңгімеге араздасып кетпесін деп жүздестіріп отыр. Екеуіңе ел атынан сөз бергенде ағайын арасы ажырасып кетпесін, түсініссін деп сөз беріп отыр. Осы мәселені шешуге, екі ел пайдасына шешуге деп жіберіп отыр. Мені де сол үшін алдыртып, “ара би” атандырып отыр! Қалай деп ойлайсыңдар? Мынау дауға шешім іздеу қажет пе?! Жоқ әлде әркім өзімдікі дұрыс еді деп далаға лағамыз ба?..

Мен бұл шаруаның артында дау қалмағанын қалаймын.

Екі би “дұрыс, дұрыс” деп бастарын изеседі.

Ара би:

Дұрыс болса жөндеріңе көшіңдер! Бірден ұстаса кеткендерің мынау түйіліп тұрған түйінді шешу үшін емес, түйе түсу үшін жасалынған тірлік болады. Бұған не дейсіңдер?

Орынбор:

Ара ағайынның мақсаты да, сөзі де осылай болса керек! Біздің ондай ойға қарсы айтар ештеңеміз жоқ.

Сұлтанғали:

Ей, адай! Барлық пәлені бастап жіберіп енді мүләйім бола қалма! Сендердің жүріп өткен жерлерің дау мен жанжал! Сіздер мыңғыртып мал айдағандарыңа мастанып бара жатырсыңдар! Тасып барасыңдар!

Бастарыңның көптігіне мақтанасыңдар! Асып барасыңдар!

Орынбор:

Құрметті Сұлтанғали би! Бізге “қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан” жаласын жауып отырсың!

Сұлтанғали:

Қалай-қалай сөйлейді! Бетегеден биік, жусаннан аласа бола қалуын!

Орынбор:

Сұлтанғали би! “Жаптым жала, жақтым күйе” дейтіндей сөздерден аулақ болалық! Ондай сөз әділетті қолдағанның, дауға шешім табуды ойлағанның сөзі болмайды!

Сұлтанғали:

Орынбор! Шыныңды айтшы! Берсе қолынан, бермесе жолынан деп түйіліп отырсың ғой!

Ара би:

Тоқтаңдар!, болмайды екен!

Біз бірден істің жөніне көшелік!

Билер:

Көшсек көшелік.

Ара би:

Істің жөніне көшер болсақ – біз бір-ақ нәрсенің басын ашып алуымыз қажет деп ойлап отырмын.

Әуелгі шешетіміз – Қожаназардың Мәсбатыр қызы Шолпанды өзіне әйелдікке айттыруының шарифат жолы мен ата жолына қайшылығы жоқ па?

Әуелі соны анықтап алу қажет! Не дейсің Сұлтанғали!

Сұлтанғали:

Қожаназар бай Мәсбатырдың қызын өзіне айттыруға қақысы жоқ еді. Олар, Мәсбатыр мен Қожаназар, ақыреттік достар! Ақыреттік достар о дүниеде иманын да бөлісетін жақын жандар! Мұсылманшылық жолы солай дейді. Бұ дүниеде ақыреттік достардан бір-біріне жақын ешкім жоқ! Досының қызын айттыруға қақысы жоқ еді!

Орынбор:

Ауыз ашса сыр көрінеді,

Есік ашса төр көрінеді...

Ара би:

Сен не айтасың, Орынбор!

Орынбор:

Олардың дос екені рас. Бірақ дос пен дос бір-бірінің қызын айттырмайды деген жоралғыны қазақ атам айтпаған, пайдаланбаған. Бір-біріне қыз беру – жақындасудың, туыс болудың ең тиімді жолы, ол. Қазақ халқы үйлену жөнінде ешкімнен де үлгі алмаған ел. Ал мұсылманшылық дегенің арабтар болса, олар немерелерін бір-біріне бере беретін ел деп естиміз.

Сұлтанғали:

Мен арабтардан үлгі ал деп отырған жоқпын. Мұсылманшылық жолын айтып отырмын.

Орынбор:

Бұл құдалықтың мұсылманшылыққа да қайшылығы жоқ. Мұсылманшылықта ақыреттік дос дейтіндер тіпті о дүниеде имандары мен күнеларын тең бөліседі екен. Бірақ ақыреттік дос деп құран ұстасып анттасқандарды атайтын болса керек. Ал біздер Қожаназар мен Мәсбатыр, құран ұстасып анттасқан екен деген сөзді естімеппіз.

Ара би:

Сұлтанғали! Мәсбатыр мен Қожаназар арасында әлгідей, ақыреттік анттың, болған-болмағанын анықтаймыз ба, сонда? Не дейсің бұған, Сұлтанғали би!

Сұлтанғали:

Қажеті болмас!

Орынбор:

Мен де солай ойлаймын!

Ара би:

Демек, біздер досы Мәсбатырдың қызын Қожаназардың өзіне айттыруға бөгет болар ештеңе жоқ деп есептейміз.

Орынбор:

Ол әуелден де талассыз нәрсе болатын.

Сұлтанғали би де басын изейді.

Ара би:

Сұлтанғали би! Мәсбатырдың қызын айттырып отырған жаққа қыз бермейміз дейтіндей дәлелі бар ма?

Сұлтанғали:

Жеке басына тағар кінәсі жоқ секілді.

Ара би:

Мәсбатыр бай бар билікті біздерге беріпті. Біздер, осы отырған үш би бұл құдалық жолы ата-баба ғұрпына қайшы емес деп шештік.

Олай болса енді біздерге қыздың қалыңмалының жобасын анықтау ғана қалады.

Орынбор:

Кейін созбидаға түсіп кетпес үшін қыздың ұзатылу тойының да шамасын анықтай кеткеніміз дұрыс болар.

Ара би:

Сұлтанғали! Ендігі сөз өзіңде!

Біз бір қыз қалың малының жобасын 90 тұсақ, 9 байтал деп бағаласақ деймін. Заттай тоғыздарын өздері шеше жатар.

Күйеу мен қыз жасының алшақтығын салыстыра отырып бір қалыңға қосарың қандай болмақ, Сұлтанғали?

Сұлтанғали:

Шолпан қыздың сұлулығы мен ақылына қызықпаған бұл өңірде ешкім қалмаған. Нағыз меңсіз сұлудың өзі! Сондықтан да қыз қалың малы да ерекше болуы қажет. Мен Шолпанның қалың малы – меңі де

бірдей, ені де бірдей 90 торы алаяқ байтал, 900 ақсарбас тұсақ дегелі отырмын!..

Ара би:

Бұл он қыздың қалың малы емес пе?!

Орынбор:

Сұлтанғали би! Жоба дейтін бар емес пе еді? Тіпті өздерің “Жайықтың суы қырық бөшке” деп шамалап қойған жоқ па едіңдер?

Сұлтанғали:

Бұл жиын маған ақыл айтатын жиын емес! Әлгі қалыңға көнсеңдер құдаларыңды жібере бересіңдер! Болмаса көшіп бара жатырған ел екенсіңдер, жолдарың болсын!

Орынбор:

Мал санының жобасыз көптігін есепке алмағанның өзінде меңі де бірдей, ені де бірдей сонша мал табылмайды деп, әдейі қашыртып отыр ғой! Бір-біріне сонша ұқсас малды бір байдың емес, байтақ жатқан беріштердің бар малынан табылады деп ойлайсыңдар ма?

Сұлтанғали:

Жетпіске жақын жасы бар болса!

Өзі өмір бойы қыз әкесімен дос, тамыр болса...

Баланың балалықпен айтқан бір ауыз сөзіне шала бүлінсе...

Соған бола осындай әрекетке барса...

Тап сондай кісінің тағы біреуін анау ен адайыңнан таба алармын деп ойлайсың ба?

Орынбор:

Мына бидің бұ не дегені?

Орынбор абдырап Есбердіге қарайды.

Есберді:

Сұлтанғали би!

Торықпаңыз, Адайдан ондай кісі де табылады!

Қорықпаңыз, соншалық мал да табылады. Той қамына кірісе беріңдер!

Орынбор:

Әкең осы күзге дейін демеп пе еді?.. Әлгідей малды таңдап, іздеп, сауын салып дегендей... Қанша уақыт керек!..

Есберді!

Ореке! Санын да келтіреміз, өңін де келтіреміз!

Сұлтанғали:

Шырағым, сәл сабыр ет! Мен шартымды әлі түгел айтып болған жоқпын! Ендеше, аты аталған мал дәл он бес күнде дайын болуы шарт. Егер дайын болмаса бұл әңгіме енді қайтып көтерілмейді деп серттеселік!..

Ара би бірдеңе дегісі келіп қомданады. Бірақ аузына сөз түспей жан-жағына қарай береді.

Есберді:

Бәрі енді түсінікті болды. Орындалмас шартпен орнымды сыйпатамын дейді ғой! Мәселе енді соған тірелсе қалғанын маған жүктеңдер! Дәл он бес күнде қыздың қалың малы қораларыңда болады. Содан бастап дәл он бес күнде қыздың ұзатылу тойы тағайындалсын!

Орынбор:

Шырағым ойланып сөйледің бе?

Есберді:

Мені ойсыз еді деп пе еді, біреу?

Орынбор:

Жоқ. Бірақ әлгідей малды...

Есберді:

Әкем неге ылғи торыалааяқ айғыр мен ақсарбас қошқарға құмар десем, Алла Тағала әуелден бастап жүр екен ғой, оны, осы іске! Қасиетіңнен айналайын!

Мына Сұлтанғали құда 90 торы алааяқ байтал, 900 ақсарбас тұсақ деп отыр ғой... Мен үстіне тағы бір қыз қалыңын қосамын. Шолпанның қалыңы айта жүрерліктей болсын – 99 торы алааяқ байтал, 999 ақсарбас тұсақ болатын болады!

Сұлтанғали: (не айтарын білмей қалған кейіп танытады)

Тойға неге сонша асықтырдың?

Есберді:

Өмір бойы Тайсойғаннан басқа жер көрмеген беріш қызына, болашақ шешеме, қазақтың кең даласын көрсетуге асығып отырмын, мен!.. Біз биыл Шолпан шешеме жер көрсету үшін Тұзтөбе емес Орынборға дейін көшетін боламыз!

Сұлтанғали:

Елдің тойға дайындалуы қажет емес пе?

Ара би:

Сұлтанғали би! Бұлар сіздің бар айтқан талаптарыңа көніп отыр. Асып түсіп отыр. Он бес күнде әлгідей малды дайындаудан, тойға дайындалу қиын соға қоймас! Келіселік осыған.

Билер “болсын, болсын” деседі.

Есберді:

Қыз қалыңмалы түгенделген күннен бастап дәл екі жетіден кейін әкемнің тойын өткіземіз. Бұл елдің жаратулы жүйріктері дайын болар. Маған әкем бар малдың билігін беріп қойған. Өз малын өз қуанышына шашамын.

Хабарлай беріңдер! Әкемнің тойына арналған аламан бәйгенің бас жүлдесіне 99 байтал тігемін. Түйе палуанға 33 байтал...

Ара би:

Дұрыс екен... Шашады екен... Шолпанжанның абыройын асырайын деген екен!.. Олай болса тойды ел арасы қашықтамай тұрғанда өткізіп алғаны да дұрыс.

Есберді:

Ал, құда! Сіздер әлгідей малды адайлар таба алмайтын болар деп қапы қалып жүрмеңдер! Тойларыңа дайындала беріңдер.

Сұлтанғали:

Есберді шырағым! Сөзің көтеріңкілеу екен. Егер келісілген қалыңмалды кезінде жеткізе алмасаңдар, Мәсбатыр байдың Шолпанының соңына сөз еріткендерің үшін бір қыздың қалыңы шамасында айып төлейсіңдер.

Есберді:

Сіздер он қыздың қалыңмалын сұрадыңыз. Біз көндік. Біз тіпті онға бірді қосып қыз бағасын арттыра түстік. Енді әлгі айтқан айыбыңызға да көнелік. Аз болып жатса үстіне бір қозылы қой қосалық!

Сұлтанғали: (күліп жібереді)

Мына шайтан баланың өткенде әзілге айтылған бір ауыз сөзді әдемі пайдаланғанын қарашы.

Ара би:

Бұған да келіссеңдер біз барлық мәселеге шешім табылды деп есептейміз! Солай болуға да тиіс еді. Өмір бойы көкірегінен бір-біріне деген достық пейілі кетпеген, бірінің дауы мен арын бірге кектеген беріш пен адай ауылдарының іргесі енді бүтінделе түсетін болды деп есептейміз дағы. Екі елдің екі басты байы араларына жорға жүргізіп жатса ел достығы арта түспек.

Қолын жаяды

Ей, Жаратқан! Ей, Ұлы Алла Тағала!
Қабылдаған осы билік шешімімізді елдің берекесіне жаза
гөр!

Төсек жаңартып жатқандардың бақытына жаза гөр!
Екі ел ұрпақтарының татулығына жаз гөр!

Аллаһу акбар! Беттерін сыйпасады.

Шымылдық.

Екінші бөлім. Ару анты.

Бірінші көрініс. Шолпан қыз анты

Киіз үй іші. Мәсбатыр бәйбішесімен оңаша отырады.

Мәсбатыр:

Бәйбіше! “Қызым теңіне кетпеді” деген қате түсініктен арылғаның дұрыс. Қожаназар бай сенің қызың түгіл хан қызына да лайық адам.

Фатима:

Мен оның басын кемсініп отыр ма екем! Жасын көпсініп отырған жоқпын ба?

Сәндікке, сұлулыққа құмар еді, балапаным! Енді не болды? Әркімнің тісі тиіп мүжілген, шеті кетіліп, тоза бастаған ағаш тостақтың қасына қойылған сырлы зерендей болып, қалай отырар екен, Шолпаным-ай менің! (кемсеңдеп жылай бастайды)

Мәсбатыр:

Бәйбіше! “Әркім сүйгеніне сәлем береді” демейтін бе еді, аталарымыз. Қожаназар пейілі сенің қызыңа түссе, оның бізді өзіне тең санағанынан болар.

Алты алаш құрметтеген азаматты біз де құрметтелік...

Қызметші жігіт кіреді.

Қызметші жігіт:

Қожаназар бай түсіп жатыр. Сізбен жүздескісі келеді екен.

Бәйбіше:

Отағасы! Онысын қай жолға сыйғызасың, енді?

Мәсбатыр:

Жігіттерге айтыңдар! Бірден осы үйге кіргізсін.

Жігіт шығып кетеді.

Бәйбіше! Енді о кісінің әр ісінен олқылық, әр сөзінен оғаштық іздеуден сақтан!

Фатима: (кекесінмен)

Тойы өтпей жатып, болашақ күйеу балаңды баса көктетіп, бірден үстіңе кіргіземісің?

Мәсбатыр:

Ол күйеу бала емес! Ол Алты Алаштың Қожаназары!

Тоқтал осымен!, бәйбіше. Жау жағадан алғанда, ит етекпен аладының кейпіне түспе, енді!

Фатима:

Етегіңнен тартып қайтейін. Сөздің реті дағы. Ауызға түскесін айтылып жататын. Іштегі ыза дағы, адамды құстырып отыратын.

Үйге Қожаназар мен Маната кіреді. Сәлемдесіп төрге озады.

Маната:

Мәсбатыр аға! Бұрын аға деуші едік, енді құда дейтін болдық. Құда, Құдағай амансыздар ма?

Мәсбатыр:

Аманбыз.

Қожаназар:

Мәсбатыр! Екеуміз бар өмірімізді байұлы балаларына адай-беріш дегізбей, арбаның алдыңғы дөңгелектеріндей ажырамай, қалған ағайындарға үлгі боп, ауыздың бірлігіне, елдің тірлігіне еңбек етіп келіп едік. Ашу үстінде, намысқа шауып, ақыры құрдасың осыған жетіпті. Мәсбатыр, айтшы! Құрдасым едің! Жекжатым едің! Шыныңды айтшы – маған өкпеңнің жобасы қаншалық?

Мәсбатыр:

Егер нағыз шынымды білгің келсе – шынымды айтайын! Менде саған деген ешқандай өкпе жоқ!

Қожаназар:

Сонда нең бар?

Мәсбатыр:

Ел-жұртымның, қызымның көңілі үшін қолымнан келгенінше қарсы болып жүргенім рас. Бірақ менің ол қылықтарым жұрттың кейінгі өсек сөздерінен қашқан амалсыздық болатын.

Қожаназар:

Алла разы болсын, досым! Мен саған ризамын, Мәсбатыр! Мен бұл сөзіңді өле-өлгенше ұмытпаспын!

Енді менің бір сұрағым бар. Шолпаныңды шақыршы. Оған әкешешесінің алдында айтар бір ауыз сөзім бар еді.

Мәсбатыр:

Ол қандай сөз?

Қожаназар:

Ол сіздердің алдарыңызда қызыңа айтылатын сөз.

Мәсбатыр: (бәйбішесіне)

Баланы шақырыңдаршы.

Фатима шығып кетеді.

Қожаназар:

Мәсбатыр! Жалған намысқа шауып біраз жерге барып қалғанымды байқамай қалыппын. Сол кезде Шолпанның сенің қызың екенін де, өзімнің алпыстың асуынан асып кеткенімді де естен шығарыппын. Кешірім өтінемін.

Мәсбатыр:

Сұлтанғали қалай болғанын айтқан. Баладан да үлкен қателік кеткен екен. Сол сөздерді Шолпанның аузына шайтан салды ма, әлде періште салды ма, ол белгісіз. Алланың жазмышы солай болар. Кешірім сұрап қайтесің, жаратқан алдында пиғылың ақ болса болады дағы.

Қожаназар:

Мені қинап жүрген біздің осы бірінші кездесуіміздің жөні еді. Достық пейіліңді сақтап қалғаныңа, мына сөзіңе дән риза болып отырмын, Мәсбатыр!

Мәсбатыр:

Қожаназар! Менің де сенен сұрар кешірімім бар еді... Қыздың қалың малы шамадан тыс болды демегейсің. Бұл таласта менің мал іздемегеніме сен. Менің сенен өтінішім осы болмақ.

Қожаназар:

Оған сенімдімін.

Мәсбатыр:

Олай болса екеуміз түсіністік деп есептейміз дағы! Келгенің дұрыс болды-ау! Дұрыс болды-ау!

Қожаназар:

“Жақсының алды жайлы” деген осы дағы!

Үйге Фатима мен Шолпан кіреді..

Мәсбатыр:

Қызым! Қожаназар бай сенің алдында айтатын бір ауыз сөзім бар еді дегесін шақыртып отырмын.

Ал, Қожеке! Ол не сөз еді? Айта беріңіз.

Қожаназар:

Шолпан шырағым! Үлкендіктің өз ерекшеліктері болады. Солардың бірі “үлкеннің сақалын сыйлау” деп аталатын еді. Өткенде ел алдында сол қасиет тұтып жүрген сақалымызды қошқардың күйегіне теңеп мені сабамнан шығарып жіберген сен едің. Сенен бір қателік кетті.

Шолпан ыңғайсыздана шешесіне қарайды. Шешесі төмен қарайды.

Шолпан: күбірлеп

Кешіріңіз.

Қожаназар:

Үлкендіктің тағы бір белгісі – “сабыр сақтау” деп аталатын. Мен сенің сол сөзің үшін қатты кектенгеніме, қатты кеткеніме өкініштімін. Сабыр сақтай алмағаныма өкініштімін. Менен бір қателік кетті.

Мына әке-шешеңнің алдында сол қателігімді мойындап, сенен де, бұлардан да кешірім өтінгелі келіп отырмын.

Мәсбатыр:

Шолпанның да балалығы болған ғой. Өлгідей ауыр сөзді әкесіндей адамға қалай айтты десеңізші.

Қожаназар:

Екінші айтарым – сен қызықты алдан күтетін жас едің. Сол үмітіңді екі әйелдің үстіне кіргізіп, сенің арманды қызығыңды өшірмейін дедім.

Фатима:

Алла! Иә сәт!

Қожаназар:

Мен – бар қызықты артымда қалдырдым деген қарт едім. Егер өзің қаласаң осы сәттен бастап сенің басың, менен, бос. Мына әкешешенің алдында айыбымды төлеймін де, қалың малымды қайтып аламын.

Мәсбатыр:

Апырым-ай, ә...

Қожаназар:

Тек қана менің әлгі сөзге қосарым – менің бұл шешімімді қалың малды ауырсынып айтып отыр деп түсінбеңдер!

Мен ұзақ жыл тамыр болған Мәсбатыр құрдасымның қызы Шолпанның аз күн көрер жастық шақ қызығынан айырмайын дедім!

Мәсбатыр:

Апырым-ай, ә... Бұлай аяқталады деп кім ойлаған...

Фатима:

Біздің ақсақал сізге шаң жуытпаушы еді. Кісілігіңізді әбден біліп болған екен ғой. Рахмет, Қожеке! Дұрыс болды. Енді ешқандай айып та жоқ, өкепе де жоқ. Рахмет, Сізге! Елге күлкі етпедіңіз, бізді.

Мәсбатыр:

Балам! Бірдеңе десеші. Басың бос деп отыр ғой. Не айтасың?

Шолпан:

“Өзің көтермейтін сөзді басқаға айтпа” деген екен үлкендеріміз, біз соны айтыппыз.

“Өзіңді өзің сыйламасаң, өзгеден сый дәметпе” депті үлкендер. Бірақ біз қыз аузынан шығуға тиіс емес сөзді айтыппыз. Сыйлануға тиіс емес едік. Бірақ Қожекеңнің құрметіне ұшыраппыз. Қожекең біз секілді ерке қызды жөнге келтіріп тастағандай ма, қалай өзі?...

Мәсбатыр:

Тентегім менің! Ақылыңнан айналайын!

Шолпан:

Әке! Бұ кісі бұрын сіздің тентегіңізге бұғалығын тастап қылғындырып тұрып жуасытып алып еді. Жуасып едік. Тағдырға көндіріп еді. Көніп едік. Енді сол бұғалығын сыпырып алып, асау Шолпанды, шал тастап кеткен абыройсыз Шолпан етпек болған екен ғой! Ол ойы бола қоймас!

Фатима:

Қызым? Не деп кеттің?

Шолпан:

Бостандық бермекші екен ғой! Бірақ бізге сол бостандық керек пе, керек емес пе, оны сұрамай ма екен, бізден?

Фатима:

Қызым, ақылың бар ғой. Ойланып сөйлеші.

Шолпан:

Маған енді ойдың да қажеті бола қоймас, анашым! Мен енді өзім үшін ойлайтын да, өзімді қамқорлай алатын да кісіге жолыққан секілдімін.

Фатима:

Сені түсінбедік?

Шолпан:

Түсінбейтін түгі де жоқ! Менің іздегенім де, күткенім де тап осындай адам болатын!

Бастаған ісін жеріне жеткізбей тынбайтын болса!..

Бұның алдында барша жұрт басын иетін болса!

Аузынан шыққан әр сөзін жалғызындай жақсы көретін болса!..

Әр берген уәдесін анасының арындай қорғайтын болса!..

Сонда маған осындай адамнан басқа кім керек екен!

Менің іздегенім де сол болатын, теңім де сол болатын. Мен бұ кісінің ісі мен сөзіне, мінезі мен қайратына қатты риза болдым.

Қожеке! Егер сіз қарсы болмасаңыз мен сіздің қалған ғұмырыңызға, “өзіңіз айтқан төсектесіңіз болуға” дайынмын!

Қожаназар орнынан оқыс ұшып тұрады. Басқалар да орындарынан тұрады. Жұрт не істерін білмей абдырап қалады.

Қожаназар:

Айналайын-ай! Ақшолпаным-ай! Менің алпыс бес жасымнан қырық жылды бірден қырқып тастадың ғой! Мені жирма бесіме қайта оралттың ғой!

Шолпан:

Егер олай болса, менің бұл сөзім сізге соншалықты жағымды болса...

Қожаназар:

Жағымды сөздер... Сағынышты сөздер...

Шолпан:

Онда мен де дәл сіздей боп ант етемін. Әкем мен анамның алдында ант етемін! Ата-бабаларымның аруағымен Сізге адал жар болуға, сүйіп өтуге ант етемін.

Мәсбатыр:

Алла қабыл еткей! (Бетін сыйпайды).

Шолпан:

Тойды да кешіктірмей ана тентек ұлымыздың айтқанындай он бес күн ішінде өткіз деп сұрайтын боламын...

Фатима:

Болсын! Айтқаның болсын, жарығым! Жолың болсын, жарығым!
(бетін сыйпайды).

Қожаназар:

Енді сенің атың Ақшолпан болады! Сен адайдың Ақшолпаны аталатын боласың!.. Мына мінезімен, мына ақылымен мен Ақшолпанның бір рулы елдің анасы атанатынына сенімдімін!

Қожаназар қолын созады. Қолын берген Ақшолпанды бауырына басады. Үйдегі адамдар бір-бірлеп шығып кетеді.

Қожаназар: (бір қолымен Ақшоланды құшып тұрып, екінші қолын көкке көтереді)

Ей, Алла! Өмір бойы өзіңе жалынумен келе жатыр едім!

Бар етіп едің!

Өмір бойы табынумен келе жатыр едім!

Бай етіп едің!

Толған шығармын дейтінмін! Болған шығармын дейтінмін!

Жаратқан! Маған сақтағаның әлі көп екен ғой!

Өтеусіз ете гөр!

О, Жаратқан! Өтеусіз ете гөр!

Ақшолпан:

Амин! О, Жаратқан! Өтеусіз ете гөр! (екеуі де беттерін сыйпайды).

Шымылдық

Екінші көрініс. Отбасы

Ақшолан үйде жалғыз. Үй заттарын жинастырып жүреді.

Ақшолпан:

Отағасының да келетін уақыты болып қалды-ау!

Сыртқа дауыстайды.

Ақшолпан:

Тұмар! Қымыз сапыртыңдар! Шәй қойыңдаршы! Отағасы шөлдеп келер. Сусыны мен шайы дайын болсын.

Керегеде ілулі кішкентай қамшыны қолына алады.

Ақшолпан:

Тұмар! Атасының Аққошақаны қамшысын ұмытып кетіпті ғой!

“Атасының Аққошақаны” деп қайталап, қамшыға ерекше жылылықпен, мейіріммен қарап тұрады. Тұмар кіреді.

Тұмар-Қожаназар: (Қожаназардың даусын салып, ойнақыланып)
Менің көңілім қош болсын деп, Құдай Тағалам берген Қошаным!
Сонша балаға мойын бұрмағанда мені мейірлі еткен Қошаным!
Ақшолпанға пейілді еткен Қошаным!
Менің Аққошақаным!

Екеуі шаттанып күледі.

Ақшолпан: (Тұмар-Қожаназарға)
Отағасы! Нәрестені сонша жақсы көруге бола ма екен! Балаға сұқтана бермеші! Ниетіңіздің оғы өтер, көзіңіздің сұғы өтер дегендей!
Ей Тәңірім! Ұзағынан бере гөр!

Тұмар-Қожаназар:
Қошанжаным қайда екен?!

Ақшолпан-Қошан: (Ақшолпан баланың даусымен)
А-ау!

Тұмар-Қожаназар:
Қошақаным қайда екен?!

Ақшолпан-Қошан:
Мынау екен! (өзін көрсетеді). Мынау екен! Мынау екен!

Тұмар-Қожаназар:
Аққошақаны кім екен!

Ақшолпан-Қошан:
Мен екен! Мен екен! Мен екен!

Тұмар-Қожаназар:
Жарығым менің!

Ақшолпан-Қошан:
Ата! Маған Қонай батырдың, сауытын әкеліп берем дегенің қайда? Қашан әкелесің?

Тұмар-Қожаназар:
Әкелем! Әкеліп берем!

Ақшолпан:
Қонай батыр өзі әкеліп берем деген жоқ па еді?

Тұмар-Қожаназар:
Өзі әкеліп береді, болмаса Қонай батырдың ақсауытын Аққошақанымға өзім әкеліп беремін!

Содан соң менің Аққошақаным ақбозатқа мініп ап, ақсауытты киіп ап, ақалмасты іліп ап, сарбаздарын шұбыртып, елдің жау жағына қорған боп, елін қорғар ер болады!

Ел шетіне жау жібермеймін деп, жер шолады!

Отырса отырған жері төр болады!

Ақшолпан:

Ер болады! Жер шолады! Атасының баласының отырған жері төр болады! Төр болады!

Үйге Қожаназар кіреді.

Қожаназар:

Әрине! Ер болады! Жер шолады, атасының баласы! Атасының баласының отырған жері төр болады! Төр болады!

Ол қайда! Қайда менің жарығым! Қайда менің Аққошақаным!

Ақшолпан:

Таңатпай тайын алдыртқан. Жүрген шығар шапқылап.

Қожаназар Ақшолпан қолынан қамшыны алады.

Қожаназар:

Қамшысын ұмытып кеткен бе?

Үйге қызметші әйел кіреді.

Қызметші әйел:

Орынбор би мен Маната келіп түсіп жатыр. Сізде шаруасы бар көрінеді. Оңаша сөйлескісі келетінін білдіріпті.

Қожаназар:

Ең оңаша жер осы үйдің іші. Жігіттерге айт, осында алып келсін.

Қызметші әйел шығып кетеді.

Шымылдық

Үшінші көрініс. Суық хабар

Қожаназар мен Ақшолпан үстіне Орынбор би мен Маната кіріп сәлемдеседі.

Қожаназар: (көңілді үнмен)

Уа-ғалайкум-ас-салам!

Тойшылар! Қалай тез қайтқансыңдар?

Ақшолпан:

Жеңгесіне тойдан әкелген сарқытын беруге асыққан болар,

Маната:

Той артына қарай алмадық.

Орынбасар: (ызалы үнмен)

Той тез тарап кетті!

Қожаназар:

Жүрістерің қандай жұмбақ еді! Жүздерің қандай суық еді?

Ақшолпан:

Айтары да оңып тұрмаса керек!

Орынбор:

Қожеке! Кешегі тойда түрікпендермен адайлар арасы тағы бүлініп тынды!

Қожаназар:

Тағы басталды ма? Апырым-ай, барлық өміріміз жауласумен, жағаласумен өтетін болғаны ма? Бала-шағаны қызықтап бес күн бейбіт тіршілік ете алмайтын болғанымыз ба?

Маната:

Қожеке! Бұл хабарды Сізге оңаша отырып жеткізген дұрыс деп шешіп еді, билер.

Қожаназар:

Оңаша деген осы емес пе? Менің Ақшолпаннан жасырар еш сырым жоқ екенін басқа білмесе де осы екеуің білетін едіңдер ғой!

Орынбор:

Қожеке! Тым жағымсыздау хабар еді.

Маната:

Қожеке! Әйел адамға ауыр тиеді ме деп ойлап тұрмыз.

Ақшолпан:

Қожеке, мен шыға тұрсам қайтеді?

Қожаназар:

Отыр! Түрікпендер мен адайлардың араларының бұзылғанына 50 жыл болған. Талай бұзылып, талай түзелген. Ал бастаңдар, не айтқалы келдіңдер?

Маната:

Қожеке-ай! Бізді қатты қинадыңыз-ау!

Орынбор:

Бұл суық хабар еді! Хабардың Мына Қошанжанға қатысы болып тұр!

Ақшолпан:

Қошаны несі? Түрікпендердің Қошанда не алмағы бар екен? Алмағы болса әкесі бар емес пе? Елі бар емес пе?

Маната:

Ореке! Енді неде болса жарияға кететін болдық қой!

Орынбор:

Солай болды. Қиын болды-ау!

Қожаназар:

Ау, жарқындарым! Күл-бүлтені тоқтатыңдаршы!

Ақшолпан:

Қожеке! Жүрегім соғып барады! Алқынып барамын! Айтсыншы зарықтырмай!

Маната:

Кешегі тойда, ойда жоқта, тағы да жер дауы басталды. Сөзден дау пайда болды, даудан жау пайда болды. Ақыр аяғы жаман аяқталды.

Қожаназар:

Неден басталды?

Орынбор:

Ақындарды айтыстырамыз деп, барлық пәле солардың бір ауыз сөзінен туындады.

Қожаназар:

Сонымен...

Ақшолпан:

Сақтай гөр!

Орынбор:

Түрікпен ақыны “Маңғыстау біздің ата мекеніміз еді, адайлар зорлық жасады” деп сөзіне қосты. Сол бір ауыз сөзден от лап ете қалды.

Ақшолпан:

Маңғыстау кімнің ата мекені болғанда оған Қошанның қандай қатысы бар екен?

Орынбор:

Адайлар біздің ата мекеніміз еді деді. Түрікпендер жер біздікі еді деді.

Қожаназар:

Сонымен?

Ақшолпан:

Құдай-ай, сақтай гөр өзің!

Маната:

Сонымен түркімендер анттасамыз деп жатыр. Үш күннен соң Қараман ата басына жиналады.

Орынбор:

Анттасалық дейді! Бұл соңғы дау болсын дейді. Алла Тағала кімді жақтаса Маңғыстау сонікі болсын дейді.

Қожаназар:

Ал, сосын.

Маната:

Егер Алла Тағала адайларды жақтаса біз Маңғыстауды адайларға біржолата қалдырып кетеміз деп жатыр.

Қожаназар:

Бұл соншалықты жағымсыз сөз емес секілді ғой!

Орынбор:

Антқа адам ұстамақ! Ол елдің ең қадірлі, ең жанды жеріне тиетін адам болуы керек деп шешіпті!

Қожаназар:

Аққошақаным-ай! (Қожаназар Ақшолпан қолынан баласының қамшысын алады). Тұзақ саған түскен екен ғой!

Ақшолпан:

Антқа ұстайтыны несі? Баланы антқа ұстай ма екен?

Маната:

Түрікпендер сол сөзінен айнымай отыр.

Ақшолпан:

Жоқ! Мен қошақанымды антқа ұстата алмаспын! (Қожаназардың қолынан қамшыны алап бауырына басады).

Қожаназар:

Кесіп айтпа, Ақшолпан!

Ақшолпан:

Қожеке! Ақшолпаның емес күңің болайын! Ақшолпаның мен Аққошақаныңды шырылдатпашы!

Қожаназар:

Сабыр етші!

Ақшолпан:

Қожеке! Ара түсші біз сорлыларға!

Қожаназар:

Ақшолпан! Есіңді жи!

Ақшолпан:

Басыма күн туады деп ойламайтынмын! Қамқорым бар деуші едім! Құдайдың қаһарынан басқадан сескенбеуші едім! Өзіңе сенуші едім! Құтқара гөр, мына құрбандықтан!

Қожаназар: (қатқыл дауыспен)

Ақшолпан есіңді жи! Мен еліме қажет болса Ақшолпанның жалғызы Қошан емес, үш әйелден көрген жеті ұлымды да құрбан етуге даяр екенімді түсін!..

Ақшолпан:

Антқа ұсталған адамның болашағы не болмақ?

Қожаназар:

Елге қажет болғанда қара орманымды талай жұмсағанмын!.. Талай шашқанмын!.. Алла тағы да берген.

Соған ой жүгіртші, Ақшолпан!..

Іс сенің жеке басыңда емес! Іс ел басына түсіп тұр! Соны ойла, Ақшолпан!

Қожаназарлар шығып кетеді. Ақшолпан әрлі-берлі сенделіп жүре бастайды.

Ақшолпан:

Жаратқан-ай! Сақтай гөр жалғызымды!..

Жауларының оғынан сақтай гөр!

Көздеріңіз сұғынан сақтай гөр!

Халықтың қарғысынан сақтай гөр!..

Ей, Алла Тағала! Жалғызымды жақтай гөр!..

Шымылдық

Үшінші бөлім. Ел анты

Бірінші көрініс. Анттан соң

Ант беру аяқталған. Шұбырған көпшілік.
Түрікпендердің назары сынық....
Адайлар Алласына сыйынып шаттанып жатыр. “Алла!, Алла!”, “Бекет!, Бекет!” деген сөздер ауыздан ауызға таралып, даланы күңіренітіп тұрады.
Орынбор би тобы Қараман-Ата басына келеді. Тізерлей отырып тәу етеді.

Орынбор:

Уа, қасиетті Қараман Ата! Басыңа дау мен шу әкеліп тынышыңды алдық па?! Кешірім ете гөр!

Өзіңнің демеуіңмен, Бекеттің сұрауымен Алла Тағаланың бізге мейірімі түсіпті, бүгін. Мәңгілік ете гөр, Жасаған! Ұзағынан бере гөр! Жаратқан!

“Әмин” десіп, беттерін сыйпасады. Орындарынан тұрады.

Орынбор:

Шақырыңдар түрікпен билерін!

Түрікпендер мен адайлардың билері соңғы келісімге жиналады.

Орынбор:

Ал, түрікпен бауырлар! Тектес едік, туысқан едік! Туыстықтан қапы жоқ, қандас едік, түбі бір түркілер едік!

Маңғыстау ата қонысымыз еді деп біз қайта оралып едік! Сіздер мекендеп, үйреніп қалғанмен түсіндіңдер! Маңғыстауда бәрімізге де жер жетеді дедіңдер! Рас па?

Түрікпен биі:

Айта бер!

Орынбор:

Ел тентексіз бола ма! Екі елдің де ессіздері көп екен! Жауластырды!

Екі елдің де бұра сөйлейтіндері жетерлік екен! Арандатты! Араздастырды! Рас па?

Түрікпен биі:

Рас!

Орынбор:

Тату көрші болалық деп тырысқандар да аз болмады. Дос та болдып көрдік! Тамыр болып та қарадық! Қыз беріп, қыз алысып жекжат бола бастадық! Рас па?

Түрікпен биі:

Рас!

Орынбор:

Бірақ алауыздық азаятын болмады.

Ақыры тағдырымызды тағы да бір тентектің ісі шешті!

Жағдайымызды бір ауыз сөздің желі биледі.

Ел берекесін төгіп кетті. Халық қабырғасын сөгіп кетті.

Енді біріге алмаспыз дедіңдер, Сіздер! Біз амалсыз сеніп отырмыз!

Бұл жолы қатты кеттіңдер. Анттасамыз дедіңдер! Біз көніп отырмыз оған! Рас па, осыным!

Түрікпен биі:

Рас, Орынбор! Сен қашанда қоспай сөйлейтінсің!

Орынбор:

Анттастық! Алла Тағала адайларды қолдады деп елдің шулап жатқаны анау! Енді не айтасыңдар!?

Түрікпен биі:

Бұл жолғы ел арасындағы дауға жауапты біз болып қалыппыз ғой. Сіздер солай деп тұрсыздар ғой! Біз не деуші едік.

Орынбор:

Олай деген біз емес болатын, сіз болатынсыз! Өз сөзімізден танбалық!

Түрікпен биі:

Мен сөзден таңғалы отырған жоқпын! Түрікпен халқы үшін ауыздан шыққан сөз – құран сөзіндей қасиетті!

Түрікпен халқы берген уәдесін де – Алла бұйрығындай орындайды!

Анттасалық дегенді бастаған біз едік. Сіздер көнген едіңдер!

Бес жасар баланы антқа ұстандар деп, әдетте жоқты шығарған да біз едік. Сіздер көнген едіңдер! Алла сол үшін бізді жазалаған болар! Қайтеміз енді?..

Енді біз не айталық?.. Түрікпендер Құдайдың да құлы, уәденің де құлы!

Біз Алла атымен анттастық! Алла сіздерді жақтады!

Антқа сенеміз дағы! Көнеміз дағы!

Не делік, Маңғыстауды тастап көшеміз дағы!

Рахымсыз қатал тағдыр-ай! Кім ойлаған бұлай болады деп...

Даусы дірілдеп, сөйлей алмай булығып қалады.

Орынбор:

Олай болса, уәделерімізді құран сөзімен қуатты етелік! Алланың алдында өз үнімен антымызды бекітелік! Молдаларыңды шақырыңдар ортаға!

Молдалар ортаға шығып, тізерлесіп отырып қолдарын жаяды. Басқалар да солай істейді.

Қазақ молдасы:
Сіз бастаңыз!.

Түркімен молдасы “бимиллаһи р-рахмани р-рахим” деп құран сөзін бастайды.

Шымылдық

Екінші көрініс. Елу жыл өткен соң. Бекет-Ата басында

Оғландыдағы Бекет-Ата мешітінің көрінісі. Мешіт алдында қарт шырақшы мен Маната әңгімелесіп отырады.

Маната:

Халің қалай інім? Жалғызсырамайсың ба?

Шырақшы:

Бұл жер адамды жалғызсыратпайтын жер ғой, жарықтық! Атаға зиярат етеміз деушілер келіп жатады. Сосын Атанаң қасында жүріп адам жалғызсырай ма? Атаммен сөйлесімін, кәдімгідей. Сұрақ қоямын. Ол жауап береді. Әрине, ол болып өзім сөйлеймін. Солай күн өте береді.

Бір топ зияратшылар келеді. Отырғандармен сәлемдеседі.

Зияратшы: (шырақшыға)

Мен бұдан жиырма бес жыл бұрын Ата басына алғаш келгенде, бір шал осы жерде шырақшы еді. Ата, сол кісі қайда, әлде сіз сол шалдың өзісіз бе?

Шырақшы:

Мен Бекет-Ата басында шырақшы болғаным да елу жыл болып қалған екен. Сол шалың да осы шал болар, балам.

Маната:

Е-е... Бұ кісі екеуміз не көрмедік дейсің! Баяғы, Қараман-Ата басында, екі ел анттасқанда түрікпендер сөзіне шыдамай шатақ шығарушылардың бірі біздің осы бала, сіздердің осы шырақшы шалдарың болатын.

Шырақшы:

Ол уақытта намыс деген пәле құраған тамызық шөптей лап ете қалушы еді ғой!

Маната:

Намыс пен ерлік кезінде қауіпті көрінгенмен, ойлап қарасақ құрметті істер екен ғой.

Шырақшы:

Маната, ақсақал! Бір сұрауым болып отыр.

Маната:

Сұра інім.

Шырақшы:

Сіз кезінде Қожаназардың қосшысы болған, тек қосшысы емес сенімді жігіті болғаныңызды барша жұрт біле бермейді. Біз бен Сіз Бекетті де көзімізбен көрген кісілерміз. Оны да көпшілік біле бермейтін болар.

Зияратшылар: Шулап кетеді

Бекет-Атаны көрдіңіздер ме?

Не дейді? Атаны көріп пе бұ кісілер?

Рас па екен?

Маната:

Рас, рас. Бәрі рас. Ой шіркін күндер-ай!

Шырақшы:

Мына жұртымызға Бекет-Атамыз қатысқан, адайлар мен түрікпендердің анттасқаны туралы айтып берсеңізші.

Маната:

Неге айтпаймыз. Айтамыз. Айтудан жалыққан емеспін. Ел жадынан өшпесін! Ұрпақ санасына құйыла берсін! Айтамыз! Сіздер де айтып жүріңіздер! Сол анттасудан бастап “Бекет” адай елінің ұранына айналған!

Шырақшы:

Дәл қай күні Бекет атының ел ұранына айналғанын ешкім дәл басып айта алмаса да, сол анттасудан басталып еді дейді ғой, көпшілік.

Маната:

Қараман-Ата басындағы антқа дейін Бекеттің зайырын талай көрген болатын, жұрт. Кейбіреулер “Бекет” деп ұран да шақыра бастаған. Бірақ қаптаған халықтың “Бекет, Бекет!” деп күңіренгенін сол жолы көрдік.

Шырақшы:

Біздің ісіміз ақ болса, жолыңа садақа Аллатағала!, мына қара тұлпарды ат деп, саңқ ете қалып еді, Бекет! Даусы жетпеген жер, естімеген құлақ қалмаған болатын!

Маната:

Ой шіркін-ай! Бекет пен Қошан мініп тұрған мақпал жүнді көруге көз керек қара тұлпар аспанға шапшып барып жерге құлап түскен еді-ау, сол кезде!.. Ат Алла Тағаланың құдіретімен тұяқ серіппей кеткенде аспан асты, жер үсті “Бекет!, Бекет!” деп күңірене жөнелген болатын!

Шырақшы:

Сол сәт менің көз алдымнан күніне он рет өтетін болар!

Маната:

Халқымыздың бақытына туған жан еді ғой! Сол анттасу болмаса, Бекеттің сұрағын Алла қабыл етпесе жаушылық заманнан құтыла алмай, түріпендермен әлі күнге жағаласып жүрер ме едік?..

Шырақшы:

Аруағыңнан айналайын, Бекет-Ата! Ел басын талай біріктірді ғой!

Маната:

Бекет аты ұранға айналғалы елдің берекесі мен бірлігі, ырысы мен ынтымағы арта түсті.

Зияратшы:

Бекет атамыздың тілегін Алла Тағалада қабыл етіп, түрікпен елі Маңғыстауды босатып көшіп кетіпті дейді ғой, аталарымыз.

Шырақшы:

Солай болған!

Маната:

Рас!

Шырақшы:

О күндері ел тағдыры талай рет пышақ жүзінде тұрды ғой!

Маната:

Сол күні Алла Тағала Бекет тілегін емес түрікпен тілегін қабыл етсе, арты не боларын кім білген? Қауіпті кезең болатын.

Шырақшы:

Қария! Сол күнді басынан бастап еске түсірші!

Маната:

Ол ант күнін еске түсірудің не қажеті бар! Ол өмір бойы көз алдымызда сақталып қалған көрініс емес пе!

Бұл әңгімені біз тойдан басталық...

Түрікпендер той жасап, адайларды шақырды. Біз Орынбор биге еріп, біраз адам тойға бардық. Жиналған адайлар сол тойдағы түрікпендерден аз емес еді.

Той басталған бойда ақындар айтысып кетті. Айтыс аяқталмай жатып дау туды. Дау арты билер талқысына түсті. Ақырында Қараман-Ата басында бір жетіден кейін анттасатын болды. Бәрі бір ауыз жел сөздің қырсығы!

Шырақшы:

Ел дүрлігіп кетті. Бес қаруды бойда ұстады.

Маната:

Сонымен жиналған ел біреулерді Бекет атаға, Оғландыға жұмсады. Қожаназарды ұлы Қошанмен алып келеміз деп Орынбор би екеуміз Қожаназар аулына тарттық.

Шырақшы:

Қожаназарға да оңай тимеген болар.

Маната:

Ойбой! Қожекең дана адам еді ғой!

Ол дауыс салып жылай бастаған Ақшолпанды тоқтатып: “Ел сұраса Ақшолпанның жалғызы Қошан емес, менің үш әйелден көрген жеті ұлымды да құрбан етуге даяр екенімді қалай түсінбейсің” – деді ғой, жарықтық! Жаны жәннәтта болғыр!

Зияратшы:

Ақшолпан шешеміз не деді?

Маната:

Ақшолпан не десін! Ол кісі де ақылды адам болатын. Ешқашан Қожекеңнің айтқанына қарсы келмейтін.

Жаратқан-ай! Сақтай гөр жалғызымды! – деп жылай бастағанда Қожекең Ақшолпанға:

Тек! Ақшолпан, бұның не? Екі бірдей ел, түрікпен, қазақ қосылып халыққа қадірлі еді деп сенің балаңды таңдап отырса, оған жылаудың орнына қуану қажет емес пе?

Жылама!

Шақырма, жамандықты, басыңа – деген еді.

Маната:

Ант беру кезінде қап-қара ат мініп, алдына бес жасар Қошанды алып Бекет ортаға шыққан кезде, бәріміз де жандарымызды шүбірекке түйгендей болғанбыз.

Зияратшы:

Ойпырмай! Сондай жерде кісі не айтады екен?

Маната:

Бекет те бала да ақкиімді екен! Шымқай қара ат үстінде аппақ киімді адамдар ерекше әсер ете ме? Жұрт сілтідей тына қалды. Бекет атаның даусы зор екен. Жарықтық, саңқылдап сөйлеп кетті дейсің!..

Маната қомданыңқырап тізерлеп отырып Бекет сөзін қайталап кетеді.

Ау, жамағат! – деп, қолын көтерді, әуелі.

Алла дейтін әр пенде үш нәрсеге ниетті болуы керек:

- Өзіңнің Ұлы Жаратушыға деген ынтазарлығын мақтан тұту ниеті...
 - Өз аузынан шыққан сөзіне адал болу ниеті...
 - Өз жүргінде оянған ел мен жерге деген сезімдерді сыйлау ниеті...
- ...Осы үшеуі адамды Азамат атандырады!
...Осы үшеуі адамдар тіршілігіне жылу, бетіне шырай таратады!
...Осы үшеуі ел мен елді табыстырады!

Осы үшеуін түгендей алмаған пенделер қырсығынан бүгін екі ел дауласқалы жатыр! Оның арты жауласуға соқпасына кім кепіл!?

Бұрын да талай рет тентектің тентектігіне ылығамыз деп, азғырушының сөзіне ереміз деп екі елдің қырғый қабақ болғаны аз ба еді!?

Енді бүгін солардың қырсығынан анттасқалы жатырсыңдар!

Анттасуды Алла қаламаған!

Кімнің ақ екенін, кімнің жалған екенін тек қана бір Алла біледі. Оны мына сіздердің бүгін берер анттарың анықтамайды...

Жиналған жамағат! Адай, түрікпен бауырлар! Араша! Араша!..

Мен араша сұраймын! Тоқтаталық! Жер жетеді! Бірге өмір сүрелік! Бірге ұрпақ өсірелік! Алланың бізге сыйлаған қасиетті жері бәрімізге ортақ! Бәрімізді асырайды, бәрімізге пана болады!

Зияратшылар: “Қасиетіңнен айналайын! Сөз-ақ екен!” – деп жатады.

Шырақшы:

Бекет – адамдарды түрікпен, қазақ деп бөлмейтін.

Маната:

Сол кезде ортаға Орынбор би шықты.

Түрікпен ағайындар! Бекеттің сөзін естідіңдер ғой! Ол бүгін бергелі отырған анттарың ақ-қараны анықтамайды деді ғой! Сіздер қалай ойлайсыңдар! Не дейсіңдер бұл сөзге! – деп еді.

Шырақшы:

Ештеңеге илікпейтін түрікпен биінің “Ант! Ант! Ант!” деп үш рет жауап қайтарған даусы менің құлағымды әлі тұр.

Маната:

Содан кейін Бекет сөзін қайта бастап кетті.

“Ант” деп үш қайталадыңдар!

Анттасамыз деп зорлап отырған сіздерсіздер, түрікпен ағайындар!

Бірлікке шақырып едік, қабылдамадыңдар!

Пәтуға шақырып едік, илікпедіңдер! Енді қайтеміз?..

Енді Алладан тілек тілейміз дағы!.. Бірақ бір-бірімізге жамандық тілемелік!

Шырақшы:

Сол кезде түрікпен биі: “Баста Бекет! Тіле Алладан тілегіңді! Бер антыңды! Дәлелде ақтығыңды!” – деп айқайлап жіберді.

Маната:

Құданың құдіреті ұзақты күнге қаққан қазықтай қозғалмай тұрған қара атқа жан біткендей болып, тұрған жерінде шыр айнала, қозғала бастады. Жиналған мыңдаған халықтың құлағын жаңғырта сол кезде Бекеттің даусы қайтадан саңқылдап кетті. Екі алақанын көкке көтеріп:

Ей, Ұлы Жаратқан! Біздің ісіміз ақ болса, өз жолыңа садақа, мына қара тұлпарды ат!

Ей, Ұлы Жаратқан! Біздің ісіміз қара болса мына бізді ат! – деп үлгерді, тек қана.

Сол сәтте қара тұлпар аспанға шаншыла шапшып, шалқалай құлап түсті.

Бекет пен Қошан аяқтарымен тік түсіп, аман қалды.

Аспан асты күңіреніп кетіп еді, сол мезет!..

Зияратшы:

Құдірет-ай!

Маната:

Біреулер күн күркіреп еді деп жүрді, кейін...

Біреулер қара атқа найзағай түсті десті...

Шырақшы:

“Бізді ат” деп қолындағы етік тігетін бізді ер басына шаншыған екен дейді, жұрт! Содан барып Бекет адайлардың Алла Тағала алдындағы күнәсін етік тігетін бізге аударған екен деп таңдайын қағатын еді, үлкендер...

Зияратшы:

Қайран аруақты бабалар-ай!

Шырақшы:

Бұны біз көзімізбен көрдік.

Ерге шаншыған біз ортасынан қақ бөлінген екен.

Маната:

Ісіміз ақ болса, өз жолыңа садақа деп атаған қара тұлпардың тұяқ серіппей кеткені Алланың адайлар садақасын қабыл еткені, істің ақтығы деп қабылданды.

Зияратшы:

Біздің қақ бөлінгені не сонда?

Шырақшы:

Ел тентексіз бола ма? Күнәсіз адам бола ма?

Бекет-Ата бізді ат деп тілек тілегенде адайларды емес, етік тігетін бізді ниет еткен дейді. Алла ниетін қабыл еткен. Содан барып біз қақ бөлінген. Бекеттің қасиеті, құдіреттің күші деген осы!..

Зияратшылар:

Бекет! Бекет! – деп, толқи бастайды...

Маната:

Сол ант берген кез есіме түссе, көз алдыма сол күнгі адайлардың шексіз бақытты, шатты жүздері келеді...

Құлағыма Қараман-Ата басынан жан-жаққа тарап бара жатқан аттылардың тұяқ дүбірі мен жұрттың “Бекет!, Бекет!” деп ұран шақырған даусы келеді...

Зияратшы:

Аруағыңнан айналайын атажан!

Маната:

Сол “Бекет” ұранымен адайлар ортасына бірлік пен береке де кірген еді...

Зияратшылар:

Бекет! Бекет! Бекет-Ата! Ер Бекет! Пір Бекет! деп қайталай бастайды...

Шымылдық жабылады.

“Алла!, Бекет!” деген дауыстар қабаттаса естіледі.
“Бекет! Бекет! Бекет!” деп ұран шақырған дауыстар естіледі...
“Бекет” деген ұран дауыстарға алыстап бара жатқан ат тұяғының дүбірі қосылады.
Сахна сыртынан “Бекет-Ата” әні естіледі...

Бекет-Ата

Өлеңін жазған Сайын Назарбекұлы
Әнін жазған Өмірзақ Оспанов

Анттасқан шақта ары да болған елінің,
Ұл-қызын қорғап арқасын тосқан керімім.
Адассам бағдар, нұр шашқан Темірқазығым,
Жасыса намыс суарып алар көрігім.

Ер Бекет-ата, өзіңсің елдің ұраны,
Көтерген туың желбірей жайнап тұр әлі.
Маңғыстау ойы, даласы қазақ Пір тұтты,
Өзіңе арнап лаулайды жаққан шырағы.

Қайырмасы:

Шұғыла шашып мейірін маңға тарата,
Алысты жақын етеді ғажап бір Ата.
Желей гөр Ата, жебей гөр Ата – бата бер,
Ер Бекет-Ата, Әулие-Ата, Пір-Ата!
Ер Бекет-Ата, Әулие-Ата, бата бер Ата,
Пір Бекет-Ата!

Сайын Назарбекұлы
Ақтау. 2006 ж.

Мазмұны

Алғы сөз	2
Бірінші бөлім. Ер анты	
Бірінші көрініс. Намыс	4
Екінші көрініс. Қожаназар аулында	13
Үшінші көрініс. Мәсбатар аулында	14
Төртінші көрініс. Билер шешімі	17
Екінші бөлім. Ару анты	
Бірінші көрініс. Ақшолпан анты.	24
Екінші көрініс. Отбасы	30
Үшінші көрініс. Суық хабар	32
Үшінші бөлім. Ел анты	
Бірінші көрініс. Билердің соңғы кеңесі	36
Екінші көрініс. Бекет-Ата басында	38
Мазмұны	46

20 наурыз.
Сағ. 08-28.